

ЖШС «Али-Ару» шағын орталығы

Семинар жұмысының № 1 хаттамасы

«20» қыркүйек 2023 ж.

Қатысқандар: 4

Күн тәртібінде:

1. Жаңартылған бағдарлама аясында мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үрдісін ұйымдастыруда педагогтарға әдістемелік көмек көрсету.
2. Ересек топтарының ұйымдастырылған оқу қызметі.

Тыңдалды:

Семинарға қатысушылармен сергіту сәті.

Тәжірибелік алаң. «Берекелі алтын күз!»

- 1) Ұйымдастырылған іс әрекет «Сауат ашу негіздері» Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Р дыбысы және әріпі», тәрбиеші
- 2) «Жер біздің ортақ үйіміз» Ұйымдастырылған іс әрекет «Қоршаған ортамен таныстыру. «Жас қанат» ересек тобы
- 3) «Жомарт күз!» Ұйымдастырылған іс әрекет «Қоршаған ортамен таныстыру» «Аққу» тобы тәрбиешісі
- 4) Кіріктірілген білім беру саласы: Ұйымдастырылған іс әрекет «Сөйлеуді дамыту». Тақырыбы «6 саны және таңбасы» тәрбиеші:
- 6) « Алтын күз!» Ұйымдастырылған іс әрекет «Музыка».

Ұйымдастырылған іс әрекеттер өткізілді. Аталған Ұйымдастырылған іс әрекеттерге семинарға қатысушылар қызығушылық танытып, алдағы өз тәжірибелерінде қолданатын әдіс - тәсілдерді түртіп алды. Семинарға қатысушылар алдағы уақытта тәжірибе алмасуға ұсыныс жасады.

7. Шебер-класс.

Балабақша арасындағы тәжірибе алмасу мақсатында көрсетілген шебер-класстарға кезек берілді.

- 1) «Али-Ару» шағын орталығы ЖШС меңгерушісі **САЙФЕДЕНОВА А.Т.** «Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар» атты тақырыбымен таныстырып өтті.
- 2) «Али-Ару» шағын орталығы ЖШС әдіскері **САЙФЕДЕНОВА А.Т.** «Мектепке дейінгі ұйымдарда жылдық жұмыс жоспар құрудағы ерекшеліктері» тыңдалды.

8. Семинар қатысушылар арасындағы сұрақ-жауап.

- Талдау жасауды қалай түсінесіздер? Семинар қатысушылары сұрақтарға жауап беруге тырысты, түсіндіріліп өтілді.

- Жоспар құру кезінде неге сүйеніп жасайсыздар? Өз ойларын айтып, бірнеше ұсыныс айтты.

9. Үзіліс.

Бағадарлама бойынша қатысушылар үзіліске шықты.

10. **Іскерлік ойын:** «Балабақшада тәрбиешінің күн тәртібін тиімді ұйымдастыру» - әдіскер **САЙФЕДЕНОВА А.Т.**

11. **Постер сессия:** «Балабақшада үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын іске асыру жолдары» – әдіскер **САЙФЕДЕНОВА А.Т.**

Сұрақтар беру арқылы, семинар қонақтардан үш минут ішінде сурет, жазу арқылы өз ойын анықтауды ұсынды, 3 топқа бөлді.

Ондағы сұрақтар төмендегідей:

1. Перспективалық айлық жоспар мен циклограммадағы ерекшеліктері туралы айтып беру.
2. Заманауи балабақша тәрбиешісі қандай болу керек?
3. Ұйымдастырылған іс – әрекет қызметін қалай тиімді жоспарлау керек?
4. Заманауи балабақша тәрбиеленушісі қандай? - деген сұрақтарға жауап беріп, ойынды қорытындылады.

Семинарға қатысушылар берілген сұрақтар бойынша, өз ойларын қағазға түсіріп, барынша толық жауап беруге тырысты. Айтылған жауаптар бойынша өз ойымен толықтырды.

12. Қорытынды.

13. **Рефлексия** «Бес саусақ». Әдіскері **САЙФЕДЕНОВА А.Т.** ұйымдастырды.

Ұсыныстар, айтылған пікірлер талқыланды. Сұрақтар қойылып, жауап берілді.

Шешімі:

1. Жаңартылған бағдарлама аясында мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үрдісін ұйымдастыруда педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілсін;
2. Әр балабақша осы тақырып аясында семинар ұйымдастырылып, талқылансын

Әдіскер: **САЙФЕДЕНОВА А.Т.**



